

## ҚАМШЫ СӨЗІНІҢ ТАНЫМДЫҚ МӘНІ

Қамшы – құрал-саймандардың ішіндегі ажырамас бөлігі және көнеден келе жатқан жабдықтардың бірі. Қазақтың ер азаматы қамшысын еш уақытта қолынан тастамаған, қамшы ұстаған азамат өзін - айбарлы, сұсты, салтанатты сезінген. Жалпы, қамшы атқа мінген адам ұстайтын, бірнеше таспа қайыстармен көмкеріліп, өрілген, сабы тобылғыдан, ырғайдан, андардың тұяғы, мүйіздерінен жасалған атты айдап жүргізетін құрал. Алғашқы адамдар жылқы малын енді қолға үйрете бастағанда шыбықпен немесе ағашпен жүргізген, кейіннен малдың шикі терісін пайдаланған, уақыт өте келе өру әдісі пайда болады. Енді адамзат малдың шикі терісін өру арқылы қамшыны жасап шығарады.

Қамшы бірнеше құрамнан, ол құрам бірнеше қызықты әрі күрделі атаулардан тұрады. Мысалы: өрім, сап, бас, дүм, алақан, бүлдірге, орам, кежеге, шежемей, айдар, мойнақ, бүркеншік, бунақ, бауыр, шашақ, өзек, түйін, шығыршық, топшы, түйнек. Соның ішіндегі үлкен екі бөлігі: сабы және өрімі. Сабы: тобылғыдан, ырғайдан, еліктің, киіктің сирағынан, мүйізінен, барынша әсемделіп таутеке мүйізінен жасалады.

*Тобылғы қамшы саптық сайға бітер,  
Көп жылқы көк алалы байға бітер.  
Көргенде сұлулығын, сұқтандырған,  
Тек қана аспандағы айға бітер.*

-деп, халқымыз тобылғыдан жасалған қамшыны жырға қосқан, өйткені қамшы сабына ең көп қолданылатыны тобылғы болған. Оны майлап, жақсылап кептіріп, мұқияттылықпен түзеткен соң қолданған. Шеберлер қамшы сабына ерекше көңіл бөлген. Оны жез бауырлап, мойнақтап, металмен, былғарымен, қайыспен орайды. Бұрынғылар қамшы сабының өлшемі ретінде төрт, жеті тұтам аралығындағы ұзындықты тандап алған. Бұл туралы ғалым Шоқан Уәлиханов өз естеліктерінде былай деп жазған: «Қамшының сабының өлшемі шындақ пен жұдырықтай не 7 тұтам, өрімнің ұзындығы бес алақанның көлеміндей, тұтаммен есептегенде өрімі сабынан бір-екі тұтам ұзын болуы керек.» [1, 205].

Өрімі екі жасар серке, болмаса құнан өгіздің әбден иі қанған терісінен өріліп дайындалады. Жалпы, қамшы жасайтын адамды – өрімші деп атаған. Шеберлер қамшы өріміне ерекше ыждақаттылықпен, асқан ұқыптылықпен қарап, таңдай қақтырарлықтай өрім түрлерін жасаған. Қамшы 3 таспадан 48 таспаға дейін өріледі, сәйкесінше атауы да: үш, төрт, алты, сегіз, он екі, жиырма төрт, қырық сегіз таспа өрім деп өзгеріп отырған. Таспа саны көбейген сайын өрімі күрделене, ажарлана түскен және жіңішке берген. Қамшының өрілу түріне, сапасына байланысты қолданылуы да өзгере берген: ат қамшы, дыр қамшы, дырау қамшы, дойыр қамшы, дүре қамшы, ұзын қамшы, шолақ қамшы, сары ала қамшы, білеу қамшы, орама санды қамшы, қасиетті қамшы, тобылғы санды қамшы, шашақты қамшы, бала қамшы, құрау қамшы, шыбыртқы қамшы. Қамшының басына шеберлер күміс, жез, тері сияқты мойнақ салады. Осыған орай қамшы күміс мойнақ қамшы, жез мойнақ қамшы, сары ала мойнақ қамшы, ақ мойнақ қамшы деп аталады.

Қамшының түрлері туралы айтар болсақ, оның сүндет қамшы, неке қамшысы, баптау қамшы, бәйге қамшы, соп қамшы, аңшы қамшы, көкпар қамшы, үйір қамшы, барымта қамшы, дойыр қамшы, ноғай қамшы, бәсіре қамшы деген түрлері бар.

*Сүндет қамшы* – ата-бабамыздан ұрпақтарына мирас болып келе жатқан салт-дәстүр бойынша баланы сүндетке отырғызғанда оған туған-туыстары сыйға тартатын тобылғы сапты төрт тұтам қамшы.

*Неке қамшысы* – жас бозбала үйленер кезде құрбы-құрдастарын жанына шақырып алып, отау құрғалы жатқанын айтады. Өзіне жігіт жолдасы керек екендігін білдіреді. Құрбы-құрдастары

өздерінің қамшыларын бір жерге құпия жинап қойып, әлгі досын шақырып көрсетеді. Ол өзіне ұнаған қамшыны таңдап алады да иесі жігіт жолдасы (күйеу жолдас) болады. Бұл құрбы-құрдастар арасында өкпе, реніш болмауы үшін жасалатын әдет-ғұрып.

*Бәйге қамшы* – ат бәйгесіне шабатын шабандоздың қамшысы. Ол тобылғы сапты, ұзындығы төрт тұтам, сабының жуандығы шынашақтай. Бұрындары бәйгеге түсерде шабандоз: «Шаба алмасам – маған серт, шаба алмаса – астымдағы атыма серт, шаптыра алмаса – қолымдағы қамшыға өрт!», - деп серт беретін болған.

*Дойыр қамшы* – ұрыс-қағыста ұстайтын қысқа сапты жуан өрмелі қамшы. "Рысқұл қолындағы дойыр қамшының тобылғы сабын саусағы ауырғанша қысып ұстап: -Ақымақ жануар, енді мен жоқпын саған! Несіне тұрсың? Жоғал, айда!– деп ыршып барып, аттын сауырынан осып кеп жіберді."– деген үзіндіден дойыр қамшының өткір қару екенін аңғарамыз [2, 108].

Осы тұста "қамшы" сөзі қайдан, қалай шықты деген сұрақ туындайды. Қазақ әрқашанда бір затты атарда шығу тегіне байланыстырып қойған. Қамшы да солай. "Қамшы" сөзіндегі "қам" түбірі қазақ тілінде бірнеше ұғымға ие. Қам – шикі, шылғи, шала; қам - қарекет, кимыл, айла, тәсіл, амал; қам- уайым, қайғы, қамығу; қам - қамдану, әзірлену, даярлану. Әрі қарай: қамба, қамау, қамал, қамту сөздері мен терісі құнды аңдар - қама, қамар, қамшат; қымбат маталар - қамқа, қамқап болып келеді де, барлығының түбірі қам деген сөзден түзіледі[3, 467-468].

Қамшы өрімі иленбеген шикі, шылғи теріден де өріле беретіндіктен әрі кейде бір ұғым беретін осы сөздер қосарлана айтыла беретіндіктен: қам-шикі – қамшы, қам-шылғи – қамшы түрінде «қамшы» сөзі қалыптасты деген тұжырым бар.

Қамшы ұстаудың бірнеше қызметі, мақсаты бар: құрал-сайман ретінде, қару ретінде, ең алдымен, қамшыны атты жүргізу үшін пайдаланған. Қазақ ат мініп, көкпар шапқанда қолынан қамшысын тастамаған. Тіпті астындағы аты қамшы салдырмас жүйрік болса да, оны сипау үшін қамшыны пайдаланған. Қамшы ғасырлар бойы қазақтың қаруы болды. 1940 жылы Баян Өлгей ұлттық аймағын құруға мұрындық болған Чойбалсаннның мынадай сөздері бүкіл қазаққа айтылған мінездеме сияқты: «... Қазақтың астында аты, қолында қамшысы тұрғанда бұл халыққа ешнәрсе істей алмайсың. Үріккен аң сияқты, жөңкіліп жүріп басып кетеді...». «Қойшыға құрық ұстатып нең бар, таяқ та жетеді, Құлға қару жұмсап нең бар, қамшы да жетеді» – деген Жәке би Қоңтайұлының сөзінен қамшының өткір қару екенін аңғару қиын емес.

Әдет-ғұрпымызға, дәстүрімізге, тәрбиемізге сіңгені соншалық, қамшы ұстаудың өзіндік ережелері бар. Қамшыны, әдетте, оң қолға екі бүктеп ұстайды. Өрімін салбыратып ұстау әдепсіздіктің, жамандықтың белгісі ретінде бейнеленген. Сонымен қатар, ата-бабаларымыз қамшы арқылы өз ниетін, көзқарасын, қарым-қатынасын білдірген. Егер үйге кісі келіп, төрге шығып, қамшысын бүгіп аяғының астына қойса – «*дауға келдім*» дегенді білдірген. Ал, кісі бүгүлі қамшысын ортаға тастаса – «*алқа билердің шешіміне көндім*» дегенді білдіреді. Бозбала, жас жігіттер қолынан қамшы тастамаған. Құда түскісі келген қыздың үйінің босағасына іліп кетіп, жақын уақытта қайта келетін ниетін білдіреді. Ал, қызға жігіт ұнамаса жаршы арқылы қамшысын қайтарып жіберген. Оны «*қамшы қайтару*» деп атайды. Үйге кіргенде отбасында қанша адам, қанша ұл мен қыз барын біле алған, өйткені қамшыны ер де, әйел де ұстаған.

Қай жағынан алып қарасақ та қазақ өмірінің бір ажырамас бөлігі- қамшы, ата-бабамыз атсыз өмір сүрмеген, атқа мінгендер қамшысыз болмаған. Қазақ өмірінде қамшы – өнер туындысы, қамшы – рухани күш-қуат, қамшы – сый-сыяпат, қамшы – жігіт пен қыздың сәні мен салтанаты, қамшы – азамат айбыны, қамшы – шебер қолдың айғағы, қамшы – алса қару, қалса мұра. Демек, қамшымыз тек ат айдайтын құрал ғана емес, айта алсақ, сөйлете білсек, мақтанарлық қасиетті әрі қастерлі қазына, әмбебап дүние.

Дәстүрлі қазақ қоғамында қамшы: тілдік, материалдық мәдениет, этникалық, эстетикалық мәнділік, әлеуметтік мәртебе, мифологиялық наным-сенімнің таңбалары ретінде жұмсалған. Қамшы сөзінің ұлт тіліндегі танымдық табиғатын анық байқаймыз. Сондықтан қазіргі таңда қамшы өруді, қамшыгерлікті жас ұрпаққа үйретіп, насихаттап отырса елдік, ерлік дәстүріміз жалғастығын табар еді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ш. Уәлиханов. Таңдамалы. – Алматы, 1983. – 205 б.
2. Ш. Мұртаза. Қызыл Жебе. – Алматы, 1980. – 108 б.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2008. – Б. 467-468.